

АКАДЕМИК РӘБИҒА СЫЗДЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ЛИНГВОСТИЛИСТИКА ТӘЖІРИБЕСІ

Kamar ALDASHEVA*

Түйін: Қазақ руханияты мен тілтанымның дара тұлғасы – академик Рәбиға Сыздықтың туғанына 100 жыл толуы қарсаңында ғалымның қазақ тілтанымна қосқан айрықша ғылыми үлесін зерттеу және насихаттау – атқарылуы тиіс ізгілікті шаралардың бірі. Қазақ лингвостилистикасындағы академик Рәбиға Сыздық тұжырымдамаларының ғылыми-әдіснамалық негіздерін жүйелеу, қазақ көркемсөзінің ұлттық көркем тіл нормаларындағы мәртебесін айқындау, қазіргі қазақ әңгімелерін лингвостилистикалық аспектіде талдау – қазақ тілтанымнадағы тың ғылыми және өзекті бағыт. Академик Рәбиға Сыздықтың лингвостилистикалық тұжырымдамалары мен көлемді прозалық шығармаларды талдау тәжірибесі қазіргі қазақ әңгімелеріндегі стильдік әсерді тудыратын санқырлы сөзқолданыс үлгілерін талдаудың метамоделін жасауға мүмкіндік береді. Мақалада әлемдік тілтанымдағы лингвостилистиканың қалыптасуы мен дамуында маңызды орын алған бірқатар тәжірибелер мен академик Рәбиға Сыздықтың қазақ лингвостилистикасындағы ғылыми тұжырымдарына шолу жасалады.

Түйін Сөздер: Академик Рәбиға Сыздық, Қазақ Лингвостилистикасы, Тұжырымдама, Қазіргі Қазақ Әңгімелері, Әлемдік Лингвостилистика Тәжірибесі.

Academician Rabiga Syzdyq's Concepts and the Experience of Global Linguostylistics

Abstract: On the eve of the 100th anniversary of the birth of a unique personality of Kazakh spirituality and linguistics – academician Rabiga Syzdyk, the study and promotion of the scientist's outstanding scientific contribution to Kazakh linguistics is one of the most humane activities that should be carried out. Systematization of scientific and methodological foundations of the concepts of academician Rabiga Syzdyk in Kazakh linguostylistics, determination of the status of the Kazakh speech in the norms of the national artistic language, analyze modern Kazakh stories in the linguostylistic aspect – is a new scientific and relevant direction in Kazakh linguistics.

Academician Rabiga Syzdyk's linguostylistic concepts and the experience of analyzing voluminous prose works make it possible to create a meta-model for the analysis of imaginative word usage patterns that create a stylistic effect in contemporary Kazakh stories. The article provides an overview of several practices that have played an important role in the formation and development of linguostylistics in world linguistics, as well as the scientific conclusions of Academician Rabiga Syzdyq in Kazakh linguostylistics.

Key Words: Academician Rabiga Syzdyk, Kazakh Linguistics, Concept, Modern Kazakh Stories, The Experience of Global Linguostylistics.

Кіріспе

Қазақ ұлтының біртуар тұлғаларының ғалым-ғұмыры мен ғылыми мұраларын жастарға және бүкіл әлемге таныту арқылы насихаттау – еліміздің рухани-мәдени стратегиялық даму жоспарын жүзеге асыруға үлес қосатын, мемлекеттілікті нығайтатын маңызды алғышарт (Тоқаев, 2021).

Академик Рәбиға Сыздық – қазақ тілтанымнадағы айрықша тұлға. Ғалымның тіл-ғұмыры қазақ тілінің санқырлы проблемаларын зерттеу, ұлт тілінің өміршеңдігін нығайтудың ғылыми негіздерін саралау, қазақ тілтанымның негізгі бағыттарының теориялық және қолданбалы сипатын зерделеу, ұлттық болмыс пен рухани-мәдени қазынаны таныту арқылы Қазақ елінің мемлекеттілігін бекемдеуге арналды. Академик Рәбиға Сыздықтың қазақ тілтанымның қалыптасуы мен дамуындағы өлшеусіз үлесін, ғылыми мұрасын қоғамдық-әлеуметтік кеңістікте насихаттау, тіл ғылымының жаңа парадигмаларындағы ізденістермен сабақтастыру – қазақ тілтанымнадағы өзекті мәселе.

Тіл білімі мен әдебиеттанудың тоғысында қалыптасқан лингвостилистика тілтанымдық жеке сала ретінде көріктеу құралдарының әралуан дискурс түрлеріндегі қолданысы мен мәтінді интерпретациялаудағы қызметін зерттеумен айналысады.

* PhD, Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan, e-mail: kama_zk89@mail.ru

Көріктеу құралдарының қолданысы туралы мәселе антикалық дәуірлерден бастап қозғалғанымен, ғылыми пән ретінде тек өткен ғасырда ғана қалыптасты. Қазіргі таңда лингвостилистиканың дамуымен байланысты когнитивтік стилистика, социостилистика, сандық стилистика сияқты бірнеше бағыттар пайда болды.

Аристотельдің «Риторика», Цицеронның «Шешен туралы» еңбектері көріктеу құралдардың қолданысын, стилистикалық фигуралар мен олардың тыңдаушыға әсерін талдау алғашқы бастаулары болды. Ал орта ғасырларда шешендік өнер гуманитарлық ғылымдардың маңызды тармағы ретінде дами түсті, алайда талдауға түскен негізгі нысана ретінде діни мәтіндер ғана болды.

Әлемдік лингвистикада көркемсөз стилистикасы француз ғалымы Ш. Баллидің (Балли, 1961), Прага мектебі өкілдерінің (Едличка, 1987) зерттеулерінен бастау алады. Орыс тілтанымның тарихында стилистика проблемаларының қарастырылуы өткен ғасырдың орта тұсында А. Потебня, Л. Щерба, В. Виноградов, Г. Винокур, Ю. Сорокин, Р. Будагов, М. Кожина сияқты көрнекті ғалымдардың еңбектерінде талданған (Кожина, 1954); кейінгі жылдары Г. Сырица, L. Římalová, M. Burke, A. Bohunická, L. Jeffries сияқты шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде стилистикаға қатысты әртүрлі мәселелер қарастырылған.

Француз стилистикасының негізін қалаушы Ш. Балли XX ғасырда стилистиканың ғылыми тұжырымдамаларына және әдістеріне өзіндік жаңалық енгізіп, «Француз стилистикасы» деп аталатын алғашқы классикалық еңбегінде негізгі идеяларын ұсынды. Ш. Балли тілге жай ғана ақпарат алмасу құралы ғана емес, субъективті мағынаға ие эмоциялар жиынтығы деген анықтама береді, соның ішінде интонация, синтаксистік құрылымдар, метафора сияқты тілдің экспрессивті элементтеріне назар аударады. Сондай-ақ ғалым тілдік құралдардың жарыспалылығын, олардың экспрессивті-эмоционалды сипатын зерттейді. Ш. Баллидің пайымдауынша, грамматика ережелерді бекітеді, ал стилистика олардың әртүрлі контекстегі қолданысына талдау жасайды (Балли, 1961).

Ш. Балли аффективті стилистика түсінігін енгізіп, сөйлеушінің сөйлеудің нысанасына қатысты сезімін белдіретін тілдік құралдар деген анықтама береді. Оның айтуынша, стилистика тілдегі үнемі орын алатын өзгерістерді түсінуге, тілдік нормадағы эволюцияны және жаңа тілдік өзгерістерді анықтауға көмектеседі.

Ш. Балли сөздер мен сөз тіркестерінің және сөйлемдердің әртүрлі стильдік жағдаяттардағы қолданыс ерекшеліктеріне назар аудара отырып, тілдің әр деңгейіндегі (фонетикалық, грамматикалық, морфологиялық, синтаксистік) аффективті және прагматикалық үрдістерді анықтауға тырысты. Ғалымның пайымдауынша, стилистикалық талдау барысында эмоционалды-экспрессивті реңктерді анықтау үшін мәтінді бөліктерге бөліп, қажетті элементтерді белгілеу қажет және олар бейтарап баламалармен салыстырылады. Көркем әдебиет үлгілеріне және француз тіліндегі бірқатар сөздер мен сөз тіркестеріне жасаған талдауының нәтижесіне Ш. Балли мынадай қорытынды жасайды: тілдік құралдардың экспрессивтілік деңгейі стильдік тұрғыдан бейтарап баламасымен салыстырылып, оның жалпы мағынасына, жағдаят немесе контекстегі қолданысына және субъектінің психологиялық ерекшелігіне (мінез-құлық, эмоционалдық күйі) байланысты анықталады.

Ш. Баллидің «Француз стилистикасы» еңбегі өткен ғасырда тұтастай тілтанымның дамуына, соның ішінде функционалды стильдердің, сөйлеудің эмоционалды, көріктеушілік сипатының, тілдік прагматикалық табиғатының зерттелуіне айрықша ықпал етті (Балли, 1961).

XIX ғасырда тіл білімінің ғылым саласы ретінде қалыптасуына негіз болған салыстырмалы-тарихи тіл білімінің дамуы әртүрлі тілдердің стилистикалық ерекшеліктеріне деген қызығушылықтың пайда болуына алып келді. А. Потебняның

еңбектерінде тіл мен ойлаудың байланысы туралы тұжырымдары стилистиканың ғылыми негіздерін қалыптастыруға ықпал етті. Потебняның тұжырымына сәйкес, стилистика ойды жеткізудің және оны қабылдаудың тәсілдерін зерттейді. Соның ішінде поэзия – дүниені тануда ерекше рөл атқарады. Ол адам мен қоғамның ғылыми дүниетанымының алдында жүреді, өйткені поэзия ғылыми танымға қарағанда кең, «қызылды-жасылды» және бай, яғни ғылым біржақты зерттесе, поэзия бүкіл әлемді қамти алады. Поэтикалық танымнан ғылыми танымға өту айтарлықтай қиын.

Стиль тілдің құрылымына ғана емес, сөйлеушінің менталды ерекшеліктеріне де байланысты. А. Потебня алғаш рет стилистиканың поэтикалық ойлаумен байланысына назар аударып, көркемсөз үлгілерінде сөздің мағынасы бейнелелік, метафоралылық және символдық сипатымен тереңдей түседі дейді. Ғалым метафораны стилистиканың негізі деп анықтап, метафора – жай ғана стилистикалық тәсіл емес, тілдің негізгі тетігі деген тұжырым жасайды. Барлық лексика метафоралық бейнеден пайда болады, уақыт өте келе өзінің бейнелілігін жоғалтады. Әрбір адам сөзді және стилистикалық тәсілдерді әртүрлі қабылдайды, бұл адамның жеке тәжірибесі мен біліміне байланысты. Бұл стилистиканың динамикалылығы мен көпмағыналылығын көрсетеді. А. Потебня өз зерттеулерінде халық шығармашылығына да назар аударып, тілдің көріктеуіш құралдары халықтық дүниетанымымен және мәдени дәстүрлерімен сабақтас дегенді айтады (Потебня, 1999).

Белгілі лингвист Л. Щерба лингвостилистиканың көркем әдеби шығармалардың ерекшелігі туралы ғылым саласы ретінде қалыптасуында ерекше орын алады. Ғалым лингвопоэтикалық зерттеудің өзіндік үлгісін ұсынды. Оның өлеңдерді лингвистикалық аспектіде талдау туралы еңбегі лингвостилистикада әлі де теориялық және практикалық мәнге ие. Л. Щербаның тұжырымы бойынша, көркем шығарманы лингвистикалық талдау әдеби шығарманың идеясын және онымен байланысты эмоционалдық мазмұнын көрсететін лингвистикалық құралдарды көрсетуі тиіс. Ғалым лингвистикалық зерттеулерінде көркем шығарманың құрылымында қолданылатын барлық тілдік құралдарды зерделеудің үлгілерін көрсетті (Щерба, 2004).

Сондай-ақ Л. Щерба «тіл жүйесі» және «сөйлеу әрекеті» түсініктеріне анықтама бере отырып, тіл жүйесі мн сөйлеу әрекетін ажыратуды ұсынды. Ғалымның бұл тұжырымы тілдің стильдік және жағдаяттық қолданыстарындағы ерекшеліктерін талдауға жол ашты. Лексикография саласындағы Л. Щербаның зерттеулері де сөздердің стильдік ерекшеліктерін және олардың әртүрлі контекстік қолданыстарын түсінуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар лингвистикадағы эксперименттік әдісті жақтаушылардың бірі ретінде Л. Щерба тілдік құбылыстарды бұлайша талдау объективті қорытындылар жасауға ықпал етеді дегенді айтады.

Өткен ғасырдағы стилистикаға арналған зерттеулерде В. Виноградовтың тұжырымдары басшылыққа алынған. Дегенмен кейінгі зерттеулерде көркем шығармалардың стильдік сипаттамасын, олардың композициясын лингвостилистика аспектісінде зерттеу жолға қойылмағандығы (Одинцов, 1980); лингвостилистиканың жаңа сала екендігі, «шығарманың идеялық-тақырыптық мазмұнын беруде және ұйымдастыруда тілдік құралдардың рөлі мен функциясын жан-жақты талдауға қатысты тың зерттеулердің қажеттігі» атап өтілген (Данилевская, 2003).

Орыс тіл білімінде лингвостилистиканың одан әрі дамуына айрықша үлес қосқан ғалым, Мәскеу лингвистикалық үйрмесінің өкілі Г.О. Винокур болды. 1925 жылы жарық көрген «Культура языка» деп аталатын еңбек – норманың функционалдық-стильдік айырым белгілеріне қатысты қағидаттарды және тіл мәдениетінің межелерін ұсынған, сондай-ақ тілдің стилистикалық жүйесін функционалдық тұрғыдан түсіндірген зерттеу. Г.О. Винокур «қазіргі практикалық стилистиканың ... мазмұны мен қолданыс аясын кеңейту қажет» деп көрсетеді. Сонымен қатар ғалым ауызекі тіл

(тұрмыстық тіл) мен кітаби тілді (жазба тіл) ажырата отырып, жазба тілді өз ішінен газет тілі, ғылыми тіл және поэзия тілі деп қарастырады. Аталған зерттеудің бір тарауын газет тіліне арнаған. В.Г. Костомаров бұл еңбекке «газет тілін зерттеуде стилистикалық-функционалдық бағытты ашқан» деген баға береді (Винокур, 1991).

Өткен ғасырдың екінші жартысында стилистикалық бағыттағы жаңа зерттеулердің базалық негіздерін қалыптастыру, функционалдық стилистика теориясын әзірлеу кеңестік және чехословакиялық лингвистика өкілдерінің еншісіне тиді. Осы теорияны құруға және оны дәйектеуге ерекше үлес қосқан Маргарита Кожина лингвостилистиканың ең бас проблемаларын зерттеуді жолға қойып, іргелі еңбектерін жариялады. Бұл зерттеулер отандық және шетелдік ғалымдардың жоғары бағасына ие болды. Ғалым функционалдық стилистиканы «сөйлеу теориясы» туралы ғылым деп көрсетеді, өйткені функционалдық стилистика тілді ғана емес, сөйлеуді де зерттейді... сөйлеудегі әлеуметтік, психологиялық «көрініс», ойлау мен сөйлеу, сөйлеу түрлерінің пайда болуындағы экстралингвистикалық негіздер мен себептер және осы сияқтылар функционалдық стилистикадағы орталық проблемалар болып саналады. Осы сұрақтардың өнімді, перспективті шешімдері көп жағдайда лингвистиканың философиямен, әлеуметтанумен, эстетикамен, әлебиеттанумен, психологиямен, физиология және математикамен тоғысындағы кешенді зерттеулерде табылады. Сөйлеу – тілдің шынайы қарым-қатынастағы қолданысы, сондықтан да экстралингвистикалық факторлар «сөйлеудің ерекшелігін анықтайды». 1960-1970 жылдары М. Кожина дискурстық талдау бағытындағы базалық тұжырымдарды қамтитын «функциональный стиль речи», «стилистика-речевая системность», «стилевая макроокраска», «стилистические средства», «экстралингвистические основы функционального стиля», «специфические стилиевые черты», «стилевая норма» ұғымдары арқылы «стиль» түсінігіне қатысты мәселелердің шешімін көрсетті (Кожина, 1966).

Түркітануда стилистиканы зерттеу функционалдық аспектіден басталып (Тенишев, 2011), стилистиканың негіздері (Алиев, 1989), стильдердің саралануы (Сәйтбатталов, 1985), көркем шығармадағы көріктеу құралдарының түрлері (Мусалаев, 2005), стилистика мен тіл мәдениетінің байланысы (Юсуфов, 2014), стилистикалық әлеует (Псянчин, 1999), шығарманың креативтілігі (Ирисханова, 2009) жөніндегі зерттеулермен жалғасты. Алайда түркі тілдерінде көркемсөз үлгілерін талдау жеткіліксіз.

Ахмет Байтұрсынұлы мен Құдайберген Жұбановтың қазақ көркемсөзін тілтаным тұрғысынан талдау жөніндегі пікірлері қазақ стилистикасының іргетасын қалыптастырды (Байтұрсынов, 1991; Жұбанов, 2010). Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлының «сөз өнерінің бірі – шығарманың тілінің ғылымы; асыл сөздің асыл болатын заңдарын танытатын ғылым» (Байтұрсынов, 1991: 348) деген пайымдаулары, тіл теоретигі Құдайберген Жұбановтың «көркемдік шарты – образды жандандыру» деген пікірлері (Жұбанов, 2010: 270) академик Рәбиға Сыздықтың қазақ лингвостилистикасындағы ғылыми ізденістеріне сүйеніш болды.

Қазақ стилистикасының жалпы проблемалары тілші ғалымдардың назарында болды. Көркем шығармалардың тілі мен стилі қазақ тілінің стилистикасына арналған алғашқы еңбекте қарастырылған (М. Балақаев). Прозалық көлемді шығармалардың тілі диахронды аспектіде (Е. Жанпейісов), сөз шеберлігі (Х. Кәрімов), сөзқолданыс (Х. Нұрмұқанов) синтаксистік ерекшеліктер (Б. Шалабай), стилистикалық норма (М. Серғалиев), тіл мәдениеті (Н. Уәли), М. Әуезовтің тілі (Қ. Есенова), фразеологизмдердің қолданысы (Қ. Сәрекенова) тұрғысынан қарастырылған іргелі зерттеулер бар.

Ғалым Рәбиға Сыздық халық тарихының әр кезеңіндегі ауызша әдеби тіл үлгілерінің, ақын-жыраулар поэзиясының, Абайдың сөз өрнегінің, өткен ғасырдың орта тұсында жанры әр басқа (поэзия, проза, драма) танымал қаламгерлердің 50-ден астам көлемді шығармаларының тілі мен стилін талдады (Сыздықова, 2014; 2209; 2001; 2019; 1990; 1997).

Қазақ көркемсөзін талдаудың кешенді проблемалары академик Рәбиға Сыздық тұжырымдамаларында алғаш рет ғылыми шешімін тапты. Бұл шешімдер – қазақ тілінің, қазақ көркемсөзінің ұлттық болмысын айқындайтын, әлемдік лингвистикада айтылмаған тың көзқарастар. Қазақ лингвостилистикасындағы академик Рәбиға Сыздық қалыптастырған тұжырымдамалардың ең маңыздылары мыналар:

- «стилистиканың лингвистикалық міндеті – стильдік әсердің өзін емес, сол әсерді туғызатын тілдік механизмді зерттеу» (Сыздықова, 1997: 178);

- «ұлттық көркем тіл нормасының басты көрсеткіші – сөз өнері» (Сыздықова, 1997: 189);

- «көркем әдебиет тілін синхронды-нормативтік тұрғыдан зерттеу – бүгінгі қазақ тілтанымның өзекті проблемаларының бірі, бұл – тіл мәдениетін көтерудің бүгінгі талабы» (Сыздықова, 2019).

Академик Рәбиға Сыздықтың қазақ лингвостилистикасының нысаналары мен әдістерін жөніндегі тұжырымдамалары төмендегі проблемаларға бағытталған:

- жазушының сөз өрнегін тілтаным тұрғысынан танудың қажеттілігін негіздеу (Сыздықова, 2014: 4);

- көркем шығарманы талдаудың ұғымдық аппаратын жасау (Сыздықова, 2014: 6);

- көркем шығарманы талдаудың тілтанымдық әдістерін жүйелеу (Сыздықова, 2014: 6);

- қоғамдық сананың өзгеруіне қарай әдеби тілдің қолданысындағы өзгерістерді анықтау (Сыздықова, 2001: 158);

- көркем шығармадағы стильдік тілдік бірліктерді талдау (Сыздықова, 2009: 49);

- белгілі бір кезеңдегі көркем шығарманың тілін тілдің даму бағытымен және принциптерімен өлшеу (Сыздықова, 2019);

- көркем шығарманың тілін синхронды-нормативтік талдау (Сыздықова, 2019).

- «Лингвостилистика – ұлттық көркем тіл мәдениеті дамуының негіздерін көрсететін ғылым саласы» (Сыздықова, 2019) деп анықтаған, қазақ лингвостилистикасының нысаналары мен әдістерін алғаш жүйелеген академик Рәбиға Сыздық қазақ көркемсөзін «тіл білімі тұрғысынан тану, ғылымның «лингвистикалық стилистика» деп аталатын саласы бойынша талдау» қажет; «ізденістер енді-енді басталып отыр» деген қорытынды жасады негіздеу (Сыздықова, 2014: 4).

Қазақ лингвостилистикасындағы қазіргі назарға алынуы тиіс өзекті проблемаларды академик Рәбиға Сыздық төмендегідей жинақтайды:

- көркем шығармада ненің суреттелгені ғана емес, қалай суреттелгені – лингвостилистиканың негізгі нысанасы; бұл мақсатта көркем шығармадағы *сөз таңдау, сөз құбылту, сөз үйлестіру, сөз үндестіру, автор образы, кейіпкерді сөйлету* принциптерін талдау маңызды;

- көркемсөз тілі бүгінгі қазақ тілтанымында синхронды-нормативтік тұрғыдан ұлттық көркем тіл нормаларының призмасында талдануы тиіс;

- белгілі бір кезеңдегі көркемсөз тілін бағалау сол дәуірдегі әдеби тілдің даму бағыттарымен және принциптерімен өлшенуі керек;

–лингвостилистика ұлттық көркем әдеби нормалармен байланысты (тіл байлығы, көріктеу құралдарының әралуандығы, диалектизмдерді саралап қолдану, әдеби норманың сақталуы), сондықтан сөз өнерін ұлттық көркем тіл нормасының басты көрсеткіші ретінде тану керек.

Қазақ лингвостилистикасындағы академик Рәбиға Сыздық тұжырымдамаларының ғылыми-әдіснамалық тұғырларын әлемдік лингвостилистикадағы тәжірибелермен сабақтастықта айқындау қазақ тілтанымның аясында қазіргі қазақ көркемсөз үлгілерін біртұтастықта талдаудың метамоделін ұсынуға, қазақ көркемсөзіндегі стильдік әсерді туғызатын сөзқолданыстың, ұлттық көркем тіл нормаларының синхронды жай-күйін бағалауға мүмкіндік береді.

Академик Рәбиға Сыздық лингвостилистикалық талдауға түсуі қажет деп таныған көркемсөз үлгілерінің бірі – әңгіме жанры. Қазіргі қазақ әңгімелерінің тілдік-стильдік сипаты арнайы зерттеу нысаны ретінде таңдалмаған. Осы бағыттағы жаңа ізденістер үшін академик Рәбиға Сыздықтың көлемді прозалық шығармалардың тілі мен стиліне байланысты талдаулары мен тұжырымдамаларын негізге ала отырып, қазіргі қазақ әңгімелерін лингвостилистикалық талдаудың метамоделін жасау ғалымның ғылыми мұрасын насихаттауға, тілтанымның жеке саласы ретінде қазақ лингвостилистикасының әрі қарай тереңдетілуіне үлес қосады.

Әңгіме – көркемсөздің шағын түрі; шығармашылық тұлғаның көркемсөз тәжірибесіндегі алғашқы ізденісі, көп ретте жазушының көркемсөздегі кәсіби бағытына айналатын жанр. Қазіргі қазақ әңгімелерінің ерекшелігі оқиғаның бір сюжетке негізделіп, басты кейіпкердің тағдырын баяндаудан көрінеді. Қазіргі қазақ әңгімелерінің авторлары жас ерекшелігі, қоғамдық-әлеуметтік мәртебесі (тұрақты этнос өкілдері мен қандастар), білімі мен тәжірибесі жақтарынан әралуан.

Қазіргі қазақ әңгімелері:

- ұлттық болмыстың, ұлттық-мәдени құндылықтардың, ұлттың рухани дүниетанымның тілдік санадағы көрінісін танытатын;
- ұлттық тілдің әлеуетін, сөз байлығын, лингвомәдени феномендер болып саналатын архетиптерді сақтайтын;
- тілдік индикатор және ретранслятор қызметін атқаратын;
- тіл арқылы ұлттық және қоғамдық сананы қалыптастыратын;
- мәдени-тілдік кеңістіктің барлық сипатын айқын танытатын көркемсөздің күрделі тармағы.

Қазіргі қазақ әңгімелерін лингвостилистикалық аспектіде талдау – күрделі, көпқырлы проблема. Бұның себептері: а) автор образы мен кейіпкер образы белгілі бір кезеңдегі ұлттық және қоғамдық сананың бүкіл болмысын танытады; ә) экстралингвистикалық факторлар адам санасына әсер етеді, сөйтіп, қоршаған ортаның өзгерістері мен бейнесі тілдік санаға түсіп, одан әрі мәтінде вербалданады; б) жазушы ұлттық тілдің сан ғасырлық сөз байлығын қолданып қана қоймай, қазіргі қазақ тілінің лексикалық динамикасындағы өзгерістерді ескереді әрі әңгіменің көркемдік мақсатына сәйкес өзіндік қолтаңбасын жасайды.

Метамоделі – лингвистикалық зерттеулерде қолданылатын тиімді әдістердің бірі (Медведева, 2010); теориялық және эмпирикалық бағалауды қамтамасыз ететін, талдаудың басқа баламалы модельдерінен бағалаудың критерийлері мен әдістері арқылы айрықшаланатын модельдеудің түрі.

Қазіргі қазақ әңгімелерін талдаудың метамоделі – академик Рәбиға Сыздық қалыптастырған тұжырымдамалар мен талдаудың метатілін (ұғымдық аппаратын) басшылыққа ала отырып, қазіргі қазақ әңгімелеріндегі стильдік әсерді туғызатын тілдік механизмдерді – сөзқолданыстарды лингвостилистика аспектісінде бағалау арқылы қазіргі қазақ көркемсөзіндегі тілдік үдерістер мен құбылыстарды, қазақ

әңгімелеріндегі ұлттық көркем тіл нормаларын модельдеу. Сөзқолданыс – ұлттық көркем тіл нормаларының көркемсөздегі динамикасын бағалауға негіз болатын тілдік бірліктердің (сөз және сөз тіркесі) қолданысы.

Қазақ әңгімелерін талдаудың метамоделі үшін соңғы онжылдықтарда мерзімді басылымдарда жарияланған қазақ әңгімелері іріктей отырып, қазақ көркемсөзінің ұлттық бояуын, көркемдік қуатын танытқан танымал қаламгерлер Дулат Исабеков, Төлен Әбдіков, Несіпбек Дәуітайұлы, Дидар Амантай, Қуандық Түменбай, Гүлзат Шойбекова, Тұрлыбек Мәмесейіт, Жадыра Шамұратова және Есболат Айдабосын, Дана Асылбек, Дәнеш Ахметұлы, Арман Әлменбет, Ырысбек Дәбей, Мира Шүйіншәлиева, Дағжан Белдеубай, Жанат Жаңқашұлы, Абылай Есімбай, Жанұзақ Жөкен және т.б. жас жазушылардың әңгімелерін талдаудың метамоделі ұсыну үшін академик Рәбиға Сыздықтың қазақ лингвостилистикасында қалыптастырған тұжырымдарын басшылыққа алу қажет.

Академик Рәбиға Сыздықтың лингвостилистикадағы шығарманың тілі мен стилін талдаудың әдістері туралы тұжырымдары негізінде қазіргі қазақ әңгімелерін талдаудың метамоделін жасау мақсатында эксперименттік талдау ұйымдастырудың бастапқы кезеңдері жүзеге асырылды. Іріктелетін қазақ әңгімелері де бірінші рет лингвостилистиканың зерттеу нысанасы ретінде алынды. Зерттеу нәтижесінде жасалатын қазақ көркемсөзін талдаудың жаңашыл метамоделі қазақ лингвостилистикасы аспектісіндегі теориялық және эмпирикалық зерттеулердің аясын кеңейтуге, оның ұғымдық аппаратын қалыптастыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ лингвостилистика саласында көркемсөздің басқа да үлгілерін талдаудың әдістерін жетілдіруге ықпал етеді.

Қорытынды

Академик Рәбиға Сыздықтың қазақ қоғамының рухани әлеуетін нығайтуға қосқан үлесін, ғалымның ғылыми мұраларының жалпы қазақ ғылымын дамытудағы, қазақ тілтанымындағы жаңа бағыттардың негіздерін жетілдірудегі, қазақ тіл мәдениетінің теориялық және қолданбалы аспектілерін кеңейтудегі рөлін ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу қазақ көркемсөзінің қуатын мен әлеуетін бағалауға, қоғам мүшелерінің тіл мәдениетін арттыруға, лингвистикалық капиталын байытуға ықпал етеді. Осымен байланысты лингвостилистиканың қалыптасуы мен дамуына және бүгінгі жай-күйіне байланысты әлемдік тәжірибені сабақтастықта талдау тұтастай алғанда, әлемдік лингвостилистиканы, оның ішінде қазақ лингвостилистикасын жаңа теориялық және эмпирикалық зерттеулермен толықтыруға, тілдердің бәсекелестігі жағдайында қазақ тілінің өміршеңдігін сақтаудың саяси стратегиялық және лингвистикалық тетіктерін анықтауға, қазақ тілінің даму динамикасына ықпал ететін факторлар кешенін бағалауға жол ашады.

Мақала ЖТН АР23486743 «Қазақ лингвостилистикасындағы академик Рәбиға Сыздық тұжырымдамалары: қазіргі қазақ әңгімелерін талдаудың метамоделі» атты гранттық жоба аясында әзірленді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Алиев, К.Ю. (1989). Основы стилистики азербайджанского литературного языка: автореферат докт. ... дисс. Баку.
- Байтұрсынов, А. (1991). Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу. Құраст. Р.Нұрғалиев. Алматы. Жалын.
- Балли, Ш. (1961). Французская стилистика. Москва.
- Винокур, Г.О. (1991). Я языке художественной литературы. Москва. Высшая школа.

- Данилевская, Н.В. (2003). Лингвостилистический анализ художественного текста. Москва. Флинта: Наука.
- Едличка, А. (1987). Типы норма языковой коммуникации. *Новое в зарубежной лингвистике*. Вып. 207. Теория литературного языка в работах ученых СССР. Москва, С. 135-149.
- Жұбанов, Қ. (2010). Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы. Мемлекеттік тілді дамыту институты.
- Ирисханова, О.К. (2009). О понятии креативности и его роли в метаязыке лингвистических описаний. *Когнитивные исследования языка*. No 5, С. 158-171.
- Кожина, М.Н. (1966). О специфике художественной и научной речи в аспекте функциональной стилистики. Пермь, С. 13-14.
- Кожина, М.Н. (1954). Пути развития стилистики русского языка во 2-ой половине XX в. URL: <https://czasopisma.uni.opole.pl/index.php/s/article/view/4328/3691> (Дата использования: 13.03.2025)
- Медведева, Т.Н. (2010). Формальные модели в лингвистике: Учебное пособие. Саратов. Научная книга.
- Мусалаев, А.К. (2005). Лексическая стилистика кумыкского языка: диссертация канд дисс. Махачкала.
- Одинцов, В.В. (1980). Стилистика текста. Москва. Наука.
- Потебня, А.А. (1999). Мысль и язык. Собрание трудов. Москва. Лабиринт.
- Псянчин, Ю.В. (1999). Особенности проявления стилистического потенциала имени числительного в литературно-художественном стиле башкирского языка. *Вопросы тюркской филологии*. Вып. IV (Материалы Дмитриевских чтений к 100-летию со дня рождения). Москва. ИСАА при МГУ, С. 123-129.
- Сыздық, Р. (2014). Абайдың сөз өрнегі. Көптомдық шығармалар жинағы. Алматы. «Ел-шежіре», 2014.
- Сыздық, Р. (2009). Ғылыми таным үзіктері. 3 Т. Алматы. «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы.
- Сыздық, Р. (1990). Көркем әдебиет тілін зерттеу аспектілері. *Қазақ ССР ҒА Хабаршысы*. №7, Б. 40-45.
- Сыздық, Р. (2019). **Көркем әдебиет тілін танудың кейбір қырлары**. *Ult*. URL: <https://ult.kz/post/rabiga-syzdykova-korkem-adebiet-tilin-tanudyn-kyrlary> (Пайдаланылған күні: 27.09.2023)
- Сыздық, Р. (2001). Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Астана. Елорда.
- Сыздық, Р. (1997). М. Сөз құдіреті. Алматы. Санат.
- Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 223 б.
- Сәитбатталов, Ф.Ф. (1985). Башкорт теленен стилистикасы. Икенсе кітап. бфе: Байте, кітап нәшриәте.
- Тенишев, Э.Р. (2011). Об изучении языков тюркских письменных памятников в функциональном аспекте. *Тенишев Э.Р. Избранные труды*. Уфа. ИИЯЛ УНЦ РАН.
- Тоқаев, Қ. (2021). Президент: Тәуелсіздік – бәрінен қымбат. *Егемен Қазақстан*. URL: <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat> (Пайдаланылған күні: 27.09.2023)
- Щерба, Л. (2004). Языковая система и речевая деятельность. Москва. Просвещение.
- Юсуфов, А.Ф. (2014). Стилистика и культура речи татарского языка: конспект лекций. URL: <https://dspace.kpfu.ru/xmlui/handle/net/21760> (Пайдаланылған күні: 27.09.2023)